ҰБТ-ға сапалы дайындық-нәтиже кепілі
5 наурыз 2024 жыл

Ұлттық Бірыңғай Тестілеу мен Мемлекеттік Қорытынды Атестаттау жұмыстарын ұйымдастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. АТА-АНА ЖИНАЛЫСЫ №1 Абылай хан атындағы 140 қазақ орта мектебінде 5 наурыз куні ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері мен ата-аналар қатысты.

Күн тәртібінде

ҰБТ-дің өткізілу барысын ата-аналармен таныстыру;

Үздіксіз алынып отырған сынама тест қорытындысын талдау;

ҰБТ-ге дайындықтың жүргізілу барысы қадағалау;

Жиналыс барысында мектеп басшысы Айгуль Нажмадинқызы аталған мәселелерге жеке-жеке тоқталды.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Токтамуратова оқушылардың сынама тест көрсеткіштерін айтып өтті. Бұл туралы ата-аналармен ашық әңгіме жүргізілді. Бітіруші түлектердің сынама тест басында өзін-өзі ұстауы, дайындығы тағы бір пысықталды.

ҰБТ – ге дайындық жұмысын ұйымдастырудың басты мақсаты оқушылардың алдағы сынақтардан сүрінбей өтіп, шығармашылығы мен ізденісі, жүйелі жұмысының нәтижелігі.

Мектебімізде тәжірибелі, білімді де білікті ұстаздарымыз ҰБТ-ға сапалы дайындықты үздіксіз жүргізеді.

Қазіргі таңда мектебімізде осы оқу жылында 43 түлек бітірсе, оның 40-ы ҰБТ сынамасына дайындық үстінде.

Түлектеріміз сынақта жоғары нәтиже көрсетеріне сеніміміз мол.

СЫННАН СҮРІНБЕЙ ӨТ, ЖАС ДОС!






Пәндер бойынша орташа балы